



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

УДК 341.232.3 (574)

**ДҮНИЕЖҮЗІЛІК САУДА ҰЙЫМЫ МЕН ҚАЗАҚСТАН АРАСЫНДАҒЫ АУЫЛ
ШАРУАШЫЛЫҚ ҒЫЛЫМДЫҚ ҚАТЫНАСТЫҒЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Тұказибан Әйгерім Нұржауқызы

aigerim_121291@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық құқық кафедрасының 2 курс магистранты,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – з.ғ.к., А.Сабыров

Аталған мақала «ДСҰ-на кіру және Еуразиялық экономикалық одақтың қалыптасу жағдайында Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың құқықтық аспектілері» атты ҚР БҒМ-нің 2015-2017 жылдарға арналған ғылыми зерттеулер жүргізуге бөлінген гранттың шеңберінде дайындалды

Дүниежүзілік сауда ұйымы (бұдан әрі - ДСҰ) халықаралық құқық аясында, халықаралық сауда ережелерін либерализм принциптеріне сай реттейтін ең ірі халықаралық экономикалық ұйым болып табылады. ДСҰ аясындағы сауда-экономикалық келіссөздердің ең күрделісі де, ең маңыздысы ауыл шаруашылығына қатысты позициялар болып табылатыны белгілі. Қазақстан үшін агроөнеркәсіптік кешен саласы – еліміздің ең маңызды басымдығы болып табылады. Өйткені, осы жаһандану заманында азық-түліктің қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздікпен тең, қатар қойылса, болашақта ауыл шаруашылығы тығырыққа тірілетін елдің қауіпсіздігіне де қатер болатыны сөзсіз. Осы жайында Мемлекет басшысы Н.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясында қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында нақты айтып, азық-түлік қауіпсіздігіне төнетін қатерді жаһандық сын-қатерлер қатарына жатқызған болатын [1]. Бұл деген сөз, Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенін бүгіннен жаңғырту әлемдік сын-қатерлер арасында Қазақстанға зор мүмкіндік ашпақ Елбасының айтуынша, әлемдік халық саны өсуінің жоғары қарқыны азық-түлік проблемасын күрт шиеленістіріп отыр. «Бүгіннің өзінде әлемде миллиондаған адам аштыққа ұшырап, миллиардқа жуық адам тағамның ұдайы жетіспеушілігін бастан кешіруде. Тамақ өнімдерін өндіруде революциялық өзгерістер жасамаса, осынау үрейлі цифрлар тек өсе түспек. Ендеше, біз үшін бұл сын-қатер астарында орасан зор мүмкіндіктер бар. Біз қазірдің өзінде астық дақылдарын аса ірі экспорттаушылар қатарына ендік. Бізде аса ірі экологиялық таза аумақтар бар және экологиялық таза тағам өнімдерін шығара аламыз. Ауыл шаруашылығы өнеркәсібінде сапалы секіріс жасау толықтай қолымыздағы нәрсе. Яғни, агроөнеркәсіп кешенін бүгіннен жаңғырту әлемдік сын-қатерлер арасында Қазақстанға зор мүмкіндік ашпақ. Ал бұл басымдықты уыста ұстау үшін не қажет? Ауыл шаруашылығын, әсіресе, ауыл шаруашылығы өніміне өсіп отырған жаһандық сұраныс жағдайында ауқымды жаңғырту қажеттігін айтып, әлемдік азық-түлік нарығының көшбасшысы болу және ауыл шаруашылығы өндірісін арттыру үшін бірқатар міндеттер жүктелді. Олардың арасында әлемнің барлық елінде мүмкін бола бермейтін егістік алаңын ұлғайту, егістік түсімін, ең алдымен жаңа технологиялар енгізу есебінен елеулі көтеру, әлемдік деңгейдегі мал шаруашылығы жемшөп базасын құру, экологиялық баса назар аудара отырып, ұлттық бәсекеге қабілетті брендтер қалыптастыру міндеті алға қойылды. Бұдан бөлек, ауыл шаруашылығы саласындағы қайта өңдеуде және саудада фермерлік пен шағын және орта бизнесті дамытуға мән берілуі тиістігі ерекше атап өтілді. Бұл арада жер өңдеу мәдениетін өзгерту және жаңа ғылыми, технологиялық, басқарушылық жетістіктерді ескере отырып, мал шаруашылығындағы дәстүрлерімізді жаңғыртуымыз қажет. Аса ірі экспорттық нарықты меңгеру үшін біз қай азық-түліктің жаппай өндірісін басты етіп қоятынымызды айқындауымыз керек [2].

Жалпы, Қазақстанның агроөнеркәсіп кешені бағытындағы ұстаным айқын. Н.Назарбаевтың тапсырмасына сәйкес, еліміздің агроөнеркәсіп кешенінің 2020 жылға дейінгі дамуының жаңа бағдарламасы да қабылданды. Дегенмен, бұл ауыл шаруашылығы саласында сапалы секіріс жасау үшін Қазақстанның ішкі жағдайынан бөлек, жаһандық ауқымдағы мәселелер де маңызды болмақ. Сондықтан да бір жағынан жаһандану үдерісінің белсенді қатысушысына айналған елімізге халықаралық сауда-саттықтарға қатысты агроөнеркәсіптік бағытты қолдай түсу аса маңызды.

Ауыл шаруашылығы Қазақстан экономикасының ең маңызды саласы болып саналады. Болашақта ауыл шаруашылығын, әсіресе, ауыл шаруашылығы өніміне өсіп отырған жаһандық сұраныс жағдайында Қазақстанның өте ауқымды потенциалын жаңғырту қажет, бұл әлемдік азық-түлік нарығының көшбасшысы болу және ауыл шаруашылығы өндірісін арттыру үшін бірқатар міндеттер жүктейді. Олардың арасында әлем елдерінде мүмкін бола бермейтін егістік алаңын ұлғайту, егістік түсімін, ең алдымен жаңа технологиялар енгізу есебінен елеулі көтеру, әлемдік деңгейдегі мал шаруашылығы жемшөп базасын құру, экологиялыққа баса назар аударып отырып, ұлттық бәсекеге қабілетті брендтер қалыптастыру міндеті алға қойылды. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығының секторын қайта өңдеуде және саудада фермерлік пен шағын және орта бизнесті дамытуға мән берілуі тиістігі ерекше атап көрсетуге болады [3].

Елдегі аграрлық сектордың дамуының деңгейі Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік, қоғамдық, саяси тұрақтылығын қамтамасыз етуші және оны айқындаушы рөлі ретінде келе жатыр. Ауыл шаруашылығының дамуының ең негізгі бағыттары болып республиканың экономикасына, ауыл шаруашылығына мен алуан түрлі климаттық жағдайларына қатысты, үлкен потенциалға ие. Қазақстанның Ауыл шаруашылығы өзінің үлкен, көлемді территориясымен, сонымен бірге халы санының аздығы, мұхит жолдарымен байланысының болмауы, өткізу нарығының географиялық алыс орналасуы бойынша ерекшеленеді.

Жалпы, жоғарыда аталған отандық аграрлық ауыл шаруашылығының Қазақстанның ДСҰ-ға кіруінің артықшылықтары мен қатар кемшіліктері де бар. Бір жағынан, ДСҰ-ға мүше елдер үшін арзан импорт және шикізат қол жетімді болады, ал тұрғындарға арзан тауарлар мен қызметтерге жол ашады. Бірақ, бұдан жалпы экономиканың ұтатындығына қарамастан, кейбір салалар зардап шегіп қалуы мүмкін.

Жалпы жоғарыда аталған жағдайларды алып қарастырсақ, аграрлық сектордегі отандық азық-түліктер әзірге бәсекеге қабілетті бола алмай тұр. ДСҰ ұйымның ауыл шаруашылығы туралы ұйымның келісімі бойынша, ауыл шаруашылық тауарларын дүниежүзілік нарыққа жеткізуде таңда тек қана кедендік тарифтер арқылы реттелетін сонымен қатар, арнайы формула бойынша Тарифсіз шаралар (сандық шектеулер) кеден баждарымен ауыстырылады. Олар өз кезегінде, елдің ішкі нарығын қорғау мақсатында эквивалентті деңгейін қамтамасыз етеді. Ауыл шаруашылығы бойынша келісімдер халықаралық ауыл шаруашылық тауарларын либерализациялау мақсатында, барлық кедендік баждарды көздейді, барлық кедендік баждарды дамыған елдер алты жыл ішінде орта есеппен алғанда 36%-ға төмендетуі тиіс. Сонымен қатар, кез-келген тауар үшін минималды төмендеу тиісінше 15%-ды құруы мүмкін. Ал дамыған елдерде орта және минималды төмендеу 24% және 10% пайызды құрып, он жыл ішінде жүзеге асырылуы тиіс. Дамуы жағынан төмен елдер өз кедендік баждарын төмендетпейді. Бұл келісім ауыл шаруашылық өнімдерінің субсидия деңгейін төмендету жөніндегі ДСҰ мүше елдердің міндеттемелерін көздейді. Бұл міндеттемелер «Қолдаудың агрегирленген шаралары» терминмен анықталған [4].

Қазіргі кезеңде «Агробизнес-2020» мемлекеттік бағдарламасы қазақстандық аграрлық саладағы мәселелерді толығымен жойып, нақты жолға тұрып кете алады деп айтуға келмейді. Аталған бағдарламада, тек ауыл шаруашылығына қарай құйылатын қаржының қанша екендігі және, қалай қай уақытта жұмсалатыны ғана түсіндірілген. Сонымен қатар, бағдарламаның көпшілік бөлігі ауыл шаруашылығына берілетін қаржының мемлекет екінші деңгейлі банктер арқылы субсидияландыру бойынша жүргізілетіні айқындалған. Бірақ та,

бұл үрдіс Қазақстанның ДСҰ кіру процестері аяқталған соң мемлекет жағынан көрсетілетін осындай қолдау тоқтатылған жағдайда, ауыл шаруашылығын дамуына берілетін инвестициялық субсидиялар өзін ақтамай жатса, Қазақстанға өзінің теріс ықпалын тигізетіні сөзсіз. Мысалы, ДСҰ кірген әр елдің экспорттық субсидияны төмендету жөніндегі ауыл шаруашылық тауарлары оларға қатысты субсидияларды ұсынбайтын болып міндеттенеді. Дамыған елдерде алты жыл ішінде тікелей экспортты субсидияларды 36 пайызға төмендету жөніндегі міндеттемелер қабылданды. Сол мерзім ішінде олар субсидияланатын экспорттың көлемін де 21 пайызға төмендетуі тиіс. Экспорттық субсидия деңгейін төмендету үшін есептеп шығару нүктесі ретінде базалық мерзім ішінде, яғни 1986-1990 жылдар аралығында экспортты қаржыландырудың тиісті орта мағынасы қабылданды. Дамыған елдер он жыл ішінде ауыл шаруашылық экспорттың бюджеттік қаржыландырылуын 24 пайызға төмендетуге, ал субсидияланған экспорттың көлемін 14 пайызға төмендетуге міндеттенді. Тағы да айта кетсек, географиялық орналасу ерекшеліктері бойынша, Қазақстан – әлемдегі теңіз порттарынан ең шалғай орналасқан мемлекет болып саналады. Сондықтан да, тасымал шығындары қазақстандық тауарлардың халықаралық нарықтағы бағасының бәсекелестігіне кері әсер етеді. Мысалы, қазақстандық астықтың Қара теңізге дейін жеткізген астық құны өз бағасынан 25 пайызға дейін қымбаттап шыға келеді. Бұған жол беруге еш болмайды. Ал мұндай қолдау дәл сол ДСҰ-ға мүше бірқатар елдерде баршылық. Мәселен, Австралия, Бразилия, Болгария, Канада, Колумбия, Грекия, Еуропалық Одақ, Исландия, Индонезия, Жаңа Зеландия, Норвегия, Польша, Италия секілді мемлекеттер экспорттық субсидия құқығына ие болып табылады. ДСҰ-ға енгеннен кейінгі кейбір мемлекеттерде керісінше оң үдеріс байқалып, қайсыбір мемлекеттер үшін жаңа нарықтың жаңа мүмкіндіктері пайда болған. Мәселен, Түркия, Қытай, Оңтүстік Корея елдерінде ДСҰ аясында, керісінше, ауыл шаруашылығын дамытудың тың жолдары ашылды. Ендеше, ендігі кезекте ДСҰ келіссөздеріне терең мән беріп, ұстанымды табанды түрде тыңғылықты қорғаудың, сауатты жүргізудің маңызы ерекше болмақ.

Жаһандануды ұлттық мемлекеттерге төнген қатер деп емес, керісінше, қайсыбір бағыттар бойынша зор мүмкіндік тудыратын объективті үдеріс деп қарауға болады. Ал ДСҰ табалдырығында тұрған Қазақстан үшін ауыл шаруашылығын қолдау қай тұрғыдан маңызды?

ДСҰ аясында айтарлықтай ерекшелігі болып ауыл шаруашылығының мемлекеттік монополияны жеңілдендіру болып саналады, сонымен бірге импорт пен экспорт арасындағы мемлекеттік бақылау саясаты ауыл шаруашылығының нарықтық механизмдерін аталған сектор бойынша әсері болатыны белгілі. Формальды түрде ДСҰ кіруі мүше мемлекеттерге атап айтсақ, ауыл шаруашылығына қолайсыз факторлардың әсер етуінен басқа жекелей түре ерекше статус әкеледі. Аграрлық сектордағы реформалардың жаңа агротехнолониялардың қолжетімділігі осы саланың басқару жүйесін жеделдетеді. Бірақ та, басқа жағынан қарастыратын болсақ, ауыл шаруашылығы өнімдерінің нарыққа жол ашуы, жергілікті өнім өндірушілерге қиыншылықтар әкелуі мүмкін. Мемлекеттің көрсететін қолдауының тоқтатылуынан, кішігірім отбасылық- шаруашылықпен айналысатыні жоғары технологиямен келген шетелдік кәсіпорындардың келуімен үлкен қолайсыз факторларға айналады [5].

Қорытындыласақ, Қазақстанның ДСҰ кіру процесі ауыл шаруашылық мәселелері қазіргі кезде ең маңызды әрі басты міндеттеріне айналды. ДСҰ кіру мәселесінің ерекшелігі ауыл шаруашылығының субсидияландыру бойынша қазірдің өзінде дүниежүзілік сауда ұйымна мүше мемлекеттер осы саланы қолдауға Қазақстаннан да үлкен қаржы бөліп отыр. Қазақстанның аграрлық кешені ДСҰ-ға енгеннен кейінгі кейбір мемлекеттерде керісінше оң үдеріс байқалғанын атап өту керек, және қайсыбір мемлекеттер үшін жаңа нарықтың жаңа мүмкіндіктері пайда болған. Мәселен, Түркия, Қытай, Оңтүстік Корея елдерінде ДСҰ аясында, керісінше, ауыл шаруашылығын дамытудың тың жолдары ашылды. Ендеше, ендігі кезекте ДСҰ келіссөздеріне терең мән беріп, ұстанымды табанды түрде тыңғылықты қорғаудың, сауатты жүргізудің маңызы ерекше болмақ. Қазақстанның географиялық жер

көлемін тасымалдауда үлкен қолайсыз болып отыр. Дегенмен, қазақстандық тауарлардың халықаралық нарықта экологиялық таза ауыл шаруашылығы өнімдерінің халықаралық сұранысқа ие болуда алғышарттарына айналатынына сенім мол.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 http://www.akorda.kz/ru/page/page_215738_poslanie-glavy-gosudarstva-nursultana-nazarbaeva-narodu-kazakhstan «Қазақстан - 2050» Стратегиясы Жолдау
- 2 <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000151> – «Агробизнес- 2020» мемлекеттік Бағдарламасы
- 3 Акуов Т. Ж., Дүниежүзілік сауда ұйымына Қазақстанның кіру мәселелері туралы // 2003
- 4 www.wto.ru – Дүниежүзілік сауда ұйымының сайты
- 5 Волосатов В.В., Жабко Л.С. Проблемы вступления Республики Казахстан в ВТО // Казахстанский экономический журнал. - 1999 - № 2 - стр. 18-22.

УДК 341.1/8

ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА ЕВРОПЕЙСКОГО СОЮЗА: ПРАВОВОЙ АСПЕКТ

Шамшет Айдана Айбековна

black_card@inbox.ru

Магистрант 1-го курса специальности «6М030200 –Международное право»

юридического факультета ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – доктор PhD кафедры международного права юридического факультета ЕНУ им. Л.Н.Гумилева Ниязгулов Д.Т.

Европейская интеграция на протяжении своего развития представляла собой поэтапное создание единого правового поля, в рамках которого в настоящее время находятся не только общий рынок, таможенные границы, но также экологическая политика и экологическая безопасность. Говоря о создании единого эколого-правового пространства на территории Союза, нельзя отвергать факт влияния на этот процесс мировых тенденций в частности глобализации. Актуальным является рассмотрение правовых аспектов экологической политики в Европейском Союзе, так как это единственная группа государств, объединившихся в результате региональной экономической интеграции и максимально приближенная к стадии полной интеграции. Европейская интеграция развивается в свете шести расширений Союза, и одними из ключевых аспектов являются экологическая безопасность и проблема охраны окружающей среды, которые прямо влияют на качество жизни европейцев. Стремительное развитие индустриальных отношений в 20 веке имело негативное воздействие на природную среду Европы, и европейцы первыми провозгласили благоприятную окружающую среду как ключевое условие для высокого качества жизни. Свидетельством общественной реакции на деградацию природной среды является появление общественных движений, «зеленых» партий, которые представляют собой масштабную политическую силу. Именно общественное осознание необходимости осуществления централизованной экологической политики стало предпосылкой для создания единого эколого-правового поля, цель которого – введение стандартов и жестких мер на промышленные отходы и выбросы.

Сегодня экологическая безопасность – один из приоритетных направлений деятельности Европейского Союза, однако эта эколого-правовая норма нашла отражение только в 1997 году при принятии Амстердамского Договора. Ученые выделяют несколько этапов правового формирования экологической политики Европейского Союза, в частности Гусев А.А. разделяет ее на пять этапов [1]. Периодизация экологической политики